

**6D010900-Математикамамандығы бойынша
Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы жұмысы туралы
Е С Е Б І**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
(ұйымның атауы)

«6D010900-Математика»
(кеңестің шифры)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген «Диссертациялық Кеңес туралы Үлгі ережеге», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 9 наурыздағы №98 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректорының 2021 жылғы 04 сәуірдегі №77-ЖӨӨК бұйрығымен диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы бекітілген.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректорының 2021 жылғы 30 сәуірдегі №77-ЖӨӨК бұйрығымен диссертациялық кеңестің **төрағасы** – педагогика ғылымдарының докторы профессор Рахымбек Досымхан бекітілген. Педагогика ғылымдарының докторы профессор Рахымбек Досымханның мезгілсіз қайтыс болуына байланысты 6D010900-Математика диссертациялық кеңесінің төрағасы болып педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Мадияров Нұрлыбай Көкешұлы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректорының 2021 жылғы 11 қазандағы №130-ЖӨӨК бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

«6D010900 - Математика» мамандығы бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

Есепте мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жанындағы «6D010900 - Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңесте 2021 жыл қаңтар айы мен 31 желтоқсан аралығында 3 кеңес отырысы өткізілді.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерінің құрамы 3 адам (бұйрық №77-ЖӨӨК, 30 сәуір 2021 жыл/№130-ЖӨӨК, 11 қазан 2021 жыл). Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшесі болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Тотикова Гулдана Арыновна М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

- 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
- 2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
- 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Тотикова Гулдана Арыновна

Диссертация тақырыбы: «Бастауыш сыныптарда математиканы оқытуда оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру және критериальді бағалау»

Мамандығы: «6D010900 - Математика»

Диссертациялық жұмыс М.Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде орындалған.

Қорғау тілі: Қазақша

Қорғау өткен күні: 30 маусым 2021 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Отандық ғылыми кеңесші – 1. Рахымбек Досымхан - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Математика» кафедрасының профессоры;

2. Мадияров Нурлыбай Көкешұлы - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы жоғары мектебінің деканы;

Шетелдік ғылыми кеңесші - Тажиев Мамарәжаб - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасының Жоғары және арнайы орта білім министрлігінің жанындағы Жоғары білім беруді дамытуды зерттеу және озық технологияларды іске асыру орталығы бөлімінің меңгерушісі.

Тотикова Гулдана Арыновнаның «Бастауыш сыныптарда математиканы оқытуда оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру және критериальді бағалау» атты диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 27.10.2021 жылғы №17-5-7/1156 хатына сәйкес пысықтауға жіберілген.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісінде ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- «6D010900 - Математика» мамандығы бойынша философия докторын (PhD) дайындайтын кафедралар диссертациялық кеңеске ұсынуда зерттеу жұмыстарының дайындық деңгейі мен сапасына мұқият назар аудару қажет екендігін ескерткіміз келеді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:

Диссертациялар туралы деректер	«6D010900 - Математика»
қорғауға қабылданған диссертациялар	1
қараудан алынып тасталған диссертациялар	-
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар	1
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы Н.К. Мадияров Мадияров Н.К.

Диссертациялық кеңестің ғылым хатшысы Л.К. Жайдақбаева Жайдақбаева Л.К.

М.Әуезов ат. ОҚУ ғылым хатшысы
ф.-м.ғ.к., доцент

С.К. Досыбеков Досыбеков С.К.

Мерзімі 20__ жылғы

